

Д.У. Рыскалиевтің 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін «Еңбекті қорғауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету: азаматтық және еңбек құқығы нормаларын қолданудың теориялық және тәжірибелік сұрақтары» тақырыбына орындалған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Диссертациялық ізденіс жұмысының өзектілігінің негізділігі, оның ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы.

Диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы еңбек және азаматтық құқық саласына қатысты өзекті мәселелердің біріне арналған. Ізденіс жұмысының өзектілігі, теориялық негізділігі мемлекетімізде іске асырылатын инновациялық, индустриялық бағдарламалар негізінде еңбек нарығының ауқымын айқындау, әркімнің қауіпсіздік талаптарына сай еңбек жағдайымен қамтамасыз етілу құқығының республикалық, салалық, аумақтық және ұйым деңгейлерінде іске асырылу жағдайларының зерттеуге алынғандығымен айқындалады. Диссертациялық жұмыста әркімнің өмірін, денсаулығын сақтау мақсатында азаматтық құқықтық шарттар негізінде белгілі бір жұмыстарды атқаратын, қызметтер көрсететін тұлғаларға да қатысты мәселелер зерттеуге алынған.

Зерттеу жұмысының өзектілігі экономиканы дағдарыстан кейінгі дамуға әзірлеу, жедел индустрияландыру, экономикалық, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту есебінен тұрақты дамуға қол жеткізу, адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін болашаққа инвестицияны тарту міндетімен айқындалған. Зерттеу жұмысы әркімнің өмірін, денсаулығын сақтау бағытындағы түбірлі, фундаменталдық, барлық ғылыми зерттеу салаларының негізін қалыптастыруға бағытталған ой-пікірлерді, тұжырымдарды қамтиды. Осы аспектіде, ғылыми ізденіс жұмысында, елімізде Адам капиталын дамыту бағытындағы жобалармен айқындалған міндеттердің іске асырылу механизмдері кеңінен зерттеуге алынған.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында Адам капиталын дамыту мәселелерімен тікелей байланысты. Қазіргі кезде Адам капиталын дамыту, осы бағыттағы жобаларды іске асыру мақсатында халықты жұмыспен қамту, жұмыссыздықты сәйкесінше қысқарту, жұмыскерлердің жалақысын көтеру, денсаулық сақтау жүйесін дамыту, білім сапасын арттыру бағытындағы бастамашылық іс-шаралар елімізде қарқынды жүргізілуде. Халықты әлеуметтік қолдау саясаты, Адам капиталын дамыту бағытындағы іс-шаралар қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ерекше назарындағы мәселе. Өзінің 2019-2020 жылдардағы жолдауларында тікелей Адам капиталына байланысты көптеген міндеттерді айқындап солардың іске асырылу бағытында көптеген заңдарға, кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда 41 заңнамалық актілерге, сонымен қатар Еңбек кодексіне де 2018, 2019 және 2020 жылдары 3 рет ауқымды өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Диссертациялық жұмыста адам капиталын дамытудың келесідей көрсеткіштері негізге алынған: 1) халықтың денсаулығын сақтау, өндірістік ортада еңбек ету қабілеттілігін арттыру; 2) халықтың кәсіби деңгейінің сапалылығын арттыру; 3) халықтың еңбек өнімділігін арттыру, жұмыспен толық қамтылуын қамтамасыз ету. Сәйкесінше, әлеуметтік заңнама адам капиталын дамытуға толықтай бағытталуға тиіс. Диссертациялық жұмыста адамның қоғамда, қоғамдық өндірісте лайықты орнының болуы, еңбек өнімділігімен өндірістің тиімділігін арттыру арқылы оның табысының өсуіне әсер ететін, елге, экономикаға тартылған инвестициялық қордың тиімді қолданылуы арқылы адамның жинаған денсаулығы, білімі, тәжірибесі және мүмкіндігі жөніндегі бағдарламалық құжаттар, пікірлер зерттеуге алынған. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын Жолдауында өндірістік, экономикалық мәселелермен қатар, адамның ағзасына зиян келтіретін экологиялық жағдайдың қаншалықты адам организміне ықпал ететіндігі, осы және басқа да мәселелер бойынша Экологиялық кодекске өзгерістер енгізу мәселесі қойылды. Осы аспектіде диссертанттың ұсынып отырған ғылыми еңбегінің өзектілігі аса маңызды.

Диссертацияда қол жеткізілген әрбір ғылыми нәтиженің, берілген қорытындылардың, тұжырымдардың негізделуі және олардың шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық зерттеу жұмысында, зерттеудің құрылымы бойынша, келесідей нәтижелерге қол жеткізілген, әрбір қорытындылар, тұжырымдар ғылыми тұрғыда және тәжірибелік, статистикалық деректермен негізделген. Сондай-ақ, зерттеуге алынған мәселелер бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына салыстырмалы талдаулар жасалған, халықаралық актілер, шетел заңнамасы кеңінен зерттеуге алынған.

Зерттеу жұмысының мазмұны, орындалу сапасы және қол жеткізілген нәтижелері ескеріліп осы жұмыстың міндетті талаптарға сай екендігін растауға толықтай негіздеме бар. Докторант зерттеуде алдына қойылған мақсаты мен міндеттерін, қорытындыларын толық ашып көрсете білген. Жұмыстың орындалуында қолданылған дереккөздер, іргелі ғылыми еңбектер ізденіс жұмысының мазмұнымен толықтай үйлеседі.

Іргелі еңбектерге сүйене отырып өз ойларын тұжырымдау деңгейі, қол жеткізілген нәтижелері зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын арттыра түседі. Сондай-ақ, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жетілдіру бағытында салыстырмалы тәсілмен қол жеткізілген қорытындылары, нәтижелері көңілге қонымды, ғылыми тұрғыда негізделген.

Диссертанттың ғылыми ізденіс жұмысын орындау барысында қол жеткізген нәтижелері, әдістемелік негізділігі, жұмыстың ғылыми мазмұнының айқындығымен, қойылған мақсаты мен міндеттерінің бірлігімен және тұжырымдарының деректік тұрғыда дәйектелуімен қамтамасыз етілген.

Диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиженің негізділігі мен толықтығы төмендегідей талаптарға жауап береді:

1) тақырыпқа қатысты тұжырымдалған нәтижелер шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектеріндегі пікірлер және тұжырымдарға негізделген;

2) тақырыпқа қатысты туындаған пікірлер бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің айтқан түрлі пікірлері мен көзқарастарының себептерін анықтау арқылы негізделген;

3) отандық еңбек қауіпсіздігі жөніндегі заңнамалық актілерге ғылыми талдауды жүргізу бұрынғы ғылыми тұжырымдардың сипатын анықтау арқылы негізделген;

4) ғылыми нәтиже еңбек және азаматтық құқық саласында әркімнің қауіпсіздік талаптарына сай еңбек жағдайымен қамтамасыз етілу құқығы, келтірілетін залалдар мен шығындарды өтеу жөніндегі қорытындылар іргелі еңбектердің тұжырымдары арқылы дәлелденген.

Д.У. Рыскалиевтың зерттеуде қол жеткізген нәтижелері, жасаған қорытындылары мен ұсыныстары халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдар мен шетелдік басылымдарда жарық көрген.

Докторлық диссертацияны орындау нысаны барлық қойылған талаптарға толықтай сай келеді. Ғылыми жаңалығы мен қорытындылары дәлелді, қорғауға ұсынатын тұжырымдары толықтай негізделген. Ізденушінің пікірлері мен ұсыныстарының қолданбалылық маңызы жоғары.

Диссертациялық зерттеу жұмысының, теориялық құндылығы жоғары. Өзінің теориялық білімінің жоғары екендігі, ғылыми еңбектерге жан-жақты шолу жасағаны, нормативтік құқықтық актілерді кеңінен қолданғаны, тақырыпқа байланысты көптеген статистикалық мәліметтерді қолданғаны диссертациялық жұмыстың құндылығын арттырады.

Рыскалиев Даулетбай Уразғалиевичтің «Еңбекті қорғауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету: азаматтық және еңбек құқығы нормаларын қолданудың теориялық және тәжірибелік сұрақтары» тақырыбында PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық зерттеу жұмысы 6D030100 - «Құқықтану» мамандығының паспортына және барлық талаптарға сәйкес жазылған деп есептеймін.

Диссертациялық жұмысты қорғауға рұқсат етемін.

Ғылыми жетекші,
ҚР Президентінің жаңыланды
мемлекеттік басқару академиясының
бірінші вице-ректормы және ғылымдарының
докторы, профессор



Дусипов Е.Ш.